

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Баянауыл ауданы Жаңатілек ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 15 ақпандағы "Баянауыл ауданы Жаңатілек ауылдық округінің Жаңатілек ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-03-03 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жаңатілек ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 10 маусымдағы № 1-03-02 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 маусымда № 6412 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес, Баянауыл ауданының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бас инспекторының 2019 жылғы 4 мамырдағы № 2-19/97 ұсынысы негізінде, Жаңатілек ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Баянауыл ауданы Жаңатілек ауылдық округінің Жаңатілек ауылының аумағында ірі қара мал бруцеллезі ауруын жою бойынша ветеринариялық–санитарлық іс-шаралар кешенін жүргізумен байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Баянауыл ауданы Жаңатілек ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 15 ақпандағы "Баянауыл ауданы Жаңатілек ауылдық округінің Жаңатілек ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-03-03 шешімнің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5870 болып тіркелген, 2018 жылғы 2 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

К. Шалбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Баянауыл ауданының

ветеринария бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Н. Даулетов

2019 жылғы "10" маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл

Шаруашылығы Министрлігі

Ветеринариялық бақылау және

қадағалау комитетінің Баянауыл
аудандық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
2019 жылғы "10" маусым
"КЕЛІСІЛДІ"

Р. Нургалиев

"Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық
сақтау комитеті Павлодар облысы
Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің
Баянауыл аудандық қоғамдық денсаулық
сақтау басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы
2019 жылғы "10" маусым

А. Карибжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК